

Маңызды стратегиялық мәні бар мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 10 ақпандағы N 133 Қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "ЗАМАН-ТУ" акционерлік қоғамы сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар дизайнерлік әзірлемелерді көрсету, мұражай жабдықтарын жасау, мұражай экспозицияларын құру жөніндегі қызметтерді және Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті мұражайының үй-жайлары мен ғимаратын безендіру жөніндегі басқа да қызметтерді көрсетуші болып белгіленсін.

2. "Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің мұражайы" мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) заңнамада белгіленген тәртіппен:

осы қаулының 1-тармағында көрсетілген заңды тұлғамен қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуды;

2005 жылға арналған республикалық бюджетте 004 "Тарихи-мәдени құндылықтарды сақтау" бюджеттік бағдарламасы бойынша көзделген қаражат шегінде жасалатын шартты қаржыландыруды;

қызметтерді мемлекеттік сатып алу үшін осы қаулыға сәйкес пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау қағидатын сақтауды, сондай-ақ "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабының 3, 4-тармақтарын орындауды;

осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі